Сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау
жүргізуге арналған әдістемелік
ұсыныстарға 2- қосымша

«Сәтбаев қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша аналитикалық есеп

Сәтбаев қ. **«28» ақпан 2025 ж.**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабы 5-тармағына және «Сәтбаев қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ (бұдан әрі- ММ) 2025 жылғы 13 ақпандағы № 8 бұйрығына сәйкес 2025 жылғы 13 ақпаннан 28 ақпанға дейін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Талдау) келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. ММ қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2. ММ ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2025 жылғы 13 ақпандағы № 8 бұйрыққа сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күрес комиссиясының жұмыс тобының құрамы бекітілді: ММ басшысы Төлеш Қ.Ж., ММ бас бухгалтері З.Т. Бексинова, бас маман Шахманова Г.Т., «Сәтбаев қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ «Тіл-құрал» оқу-әдістемелік орталығы» КММ директорының міндетін атқарушы Игенберлина М. Б., ММ статисті Мусилова А. М., ММ кадрлар жөніндегі инспекторы Елубаева Қ.Х.

Талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылды.

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері ықтималдығы жоғары лауазымдар, оның ішінде персоналды басқару бөлігінде:

Кадрларды іріктеу және кадрлармен қамтамасыз ету ҚР қолданыстағы заңнамасы нормаларына сәйкес жүзеге асырылады және мынадай кезеңдер мен процесстерді қамтиды: 1) бос лауазымға кандидаттарды іздестіру, іріктеу, лайықтысын анықтау, қабылдау; 2) бос лауазымға ұсынылған кандидаттардың білімі мен біліктілігі туралы құжаттардың шынайылылығын тексеру; 3) сынақ мерзімінен өткізу және оны бағалау; 4) қызметкерлердің еңбек демалысын жоспарлау (демалыс кестесі); 5) кадр жұмысының индикаторларын талдау, жұмысты жақсарту бойынша басшылыққа ұсыныстар беру.

ММ-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдері ықтималдығы болуы мүмкін лауазымдар тізбесі жасалды.

Осы лауазымдарды атқаратын барлық қызметкер сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс құжаттарымен таныстырылған және оларды қатаң сақтау қажеттігі туралы хабардар етілген. № 1 кестеде ММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдері ықтималдығы болуы мүмкін лауазымдар тізбесі келтірілген.

Персоналды басқару бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің барлық индикаторы тексерілді. Жұмысқа қабылдау, лауазымға тағайындау және басқа да процесстер Еңбек Кодексі талаптарына сәйкес жүргізілген. Нәтижесінде аталған салада сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары табылған жоқ.

Кесте №1

№ п/п	Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне шалдыққан лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі
1	Мекеме басшысы	шешімдер қабылдау және ұйымдастырушылық -шаруашылық функцияларды жүзеге асыру құқығының болуы	мемлекеттік сатып алуды өткізуді бақылау; қаржылық-шаруашылық қызметін жоспарлау және орындау; еңбекақы қорын қалыптастыру; материалдық жағдайын жақсартуға байланысты жеке мәселелерін шешуде лауазымды тұлғаның өз қызметтерін пайдалануы	орташа
2	Бас есепші	бухгалтерлік шаруашылық - қаржылық есеп қызметін ұйымдастыру, еңбек және қаржылық, материалдық ресурстарды үнемді игеруді бақылау	лауазымды пайдалану қаупі; жеке мақсаттарына пайдалану қаупі	орташа
3	Есепші ММ	мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу	нақты негіздер бойынша сатып алудан бас тарту	орташа

2. Мүдделер қақтығысын реттеу бөлігінде:

Есептік кезеңде ММ қызметкерлерінің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасында қайшылықтар, мүдделер қақтығысы фактілері анылған жоқ. Мүдделер қақтығысының алдын алу мақсатында ММ қызметкерлеріне тұрақты түрде тоқсан сайын Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінде көзделген мінез-құлық қағидалары түсіндіріледі.

ММ мүдделер қақтығысын болдырмас үшін шаралар қабылдады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету бөлігінде:

ММ мемлекеттік қызмет көрсетпейді.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру бөлігінде:

ММ өз қызметінде «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V Заңына және бөлім Ережесіне сәйкес ешқандай рұқсат беру функцияларын іске асырмайды.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру бөлігінде:

ММ қызметіне бақылау және мониторинг жүргізу уәкілетті орган тарапынан жүзеге асырылатыны көрсетілген, сондай-ақ ММ өзінің негізгі функцияларын іске асыру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау мүмкіндігін болдырмайды.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бөлігінде:

Бюджет қаражатын игеру және бөлу кезінде ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында жыл сайын уәкілетті органға бухгалтерлік баланс тапсырылады, ол жыл соңындағы ММ-нің қаржылық жай-күйін көрсетеді. Ол мекеменің активтері, міндеттемелері және шығындары туралы ақпаратты қамтиды. ММ-де төлем тапсырмалары «Қазынашылық – клиент» АЖ арқылы өтеді, бұл бюджет процесінің барлық деңгейі мен кезеңінде бюджет қаражатының жұмсалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

Қаржылық әрекеттерді ММ басшысы, сондай-ақ уәкілетті орган бақылайды.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу бөлігінде:

ММ мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасалады, олар мемлекеттік сатып алу заңнамасымен реттеледі. Мемлекеттік сатып алу шарттары орындалмаған, тиісінше орындалмаған немесе мемлекеттік сатып алу шарттарын жасасудан жалтарған жағдайда, ондай Өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану үшін сот органдарына жүгіну практикасы қолданылады.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бөлігінде:

ММ іс жүргізу және құжат айналымы процестерін автоматтандыруды қамтамасыз ететін электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін пайдаланады. Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін пайдалану орындаушы маманға құжатты жолдау, құжаттарды келісу, құжаттардың орындалуын бақылау, мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау және олар бойынша жұмыс істеу, облыс әкімінің тапсырмаларын орындау және олармен жұмыс істеу, НҚА алу/жіберу және олармен жұмыс істеу сияқты процестердің ашықтығын және қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауының алдын алады.

ММ қызметінде және оны жүзеге асыру кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері барынша азайтылды.

Талдау нәтижесінде жұмыс тобы ММ-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау бойынша шаралар әзірленген деген қорытынды жасады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша қосымша шаралар қабылдауды ұсынады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалауды тұрақты негізде жүргізу қажеттігі туралы ұсыныс жасайды.

Анықталған тәуекелдерді жою және / немесе азайту үшін:

- ММ қызметкерлерімен олардың азаматтық құқықтарын түсіндіру бойынша әңгімелесулер, еңбек шартының нормаларын түсіндіру бойынша дәріс өткізілген, тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

«Сәтбаев қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ басшысы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия тобының мүшесі **Қ.Төлеш**

«Сәтбаев қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ бас маманы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия тобының мүшесі **Г.Шахманова**

«Тіл-құрал» оқу-әдістемелік орталығы» КММ директорының міндетін атқарушы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия тобының мүшесі **М.Игенберлина**

«Сәтбаев қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ бас есепші, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия тобының мүшесі **З.Бексинова**

«Сәтбаев қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ статисті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия тобының мүшесі **А.Мусилова**

«Сәтбаев қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ кадр ісі инспекторы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия тобының мүшесі **Қ.Елубаева**